

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 2 маусымдағы № 58 шешімінің күшіне енуі туралы

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2016 жылғы 27 қазандағы № 9 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 16-бабының 7-тармағына сәйкес Беларусь Республикасының Премьер-министрі А.В. Кобяковтың "Украинада шығарылатын және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін ферросиликомарганецке қатысты демпингке қарсы баж енгізу арқылы демпингке қарсы шаралар қолдану туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 2 маусымдағы № 58 шешімін жою туралы өтінішін қарап, Еуразиялық үкіметаралық кеңес **шешті**:

"Украинада шығарылатын және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін ферросиликомарганецке қатысты демпингке қарсы баж енгізу арқылы демпингке қарсы шаралар қолдану туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 2 маусымдағы № 58 шешімі осы Шешім ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді деп белгіленсін.

Еуразиялық үкіметаралық кеңес мүшелері:

<i>Армения</i>	<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Қырғыз</i>	<i>Ресей</i>
<i>Республикасынан</i>	<i>Республикасынан</i>	<i>Республикасынан</i>	<i>Республикасынан</i>	<i>Федерациясынан</i>